

«6D020800- Археология және этнология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Ержанова Альбина Ергешбаевнаның «Қола дәуіріндегі Сарыарқа тұрғындарының тас құралдары (Атасу мен Талдысай микроаудандары бойынша)» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің

СЫН-ШІКІРІ

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);</p> <p>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)</p> <p>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</p>	<p>Ержанова Альбина Ергешбаевнаның «Қола дәуіріндегі Сарыарқа тұрғындарының тас құралдары (Атасу мен Талдысай микроаудандары бойынша)» атты диссертациялық жұмыс ғылымның даму бағыттарына және «Рухани жаңғыруға» бағытталған мемлекеттік бағдарламалардың бағытына сәйкес келеді. Зерттеу жұмысында Сарыарқа аймағында қола дәуірінде өмір сүрген қоныстарға жүргізілген қазба жұмыстары барысында табылған тас құралдарын трасологиялық әдіспен зерттеп, олардың функционалды қызметін анықтап, қоныстарды шаруашылық түрлеріне бөлген.</p> <p>3) А.Е. Ержанованың диссертациясы Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғарғы ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының 8-бағыты «Білім мен ғылым саласындағы зерттеулер» басым бағытына сәйкес келеді.</p>
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Диссертациялық жұмыс ғылымға елеулі үлес қосады, маңыздылығы ашылған. Оның дәлелі ретінде 1) Атасу мен Талдысай микроаудандарында орналасқан ХХ ғасырдың орта тұсынан қазба жұмыстары жүргізіліп, мұражайлар мен Археология институтының қорында жинақталған тас

			<p>құралдарын трасологиялық әдістің көмегімен зерттеуі;</p> <p>2) Құрал беттерінде сақталған тозу іздерінен функционалды қызметін анықтауы;</p> <p>3) Талдысай, Атасу, Мыржық, Ақмұста, Ақмая қоныстарының шаруашылық түрлерін анықтап, қоныстар арасындағы әлеуметтік-экономикалық байланыстарын қарастыруы;</p> <p>4) Қола дәуіріндегі тас құралдарының өзгеріске ұшырауы мен кетпен түрлерінің бөлінуін қарастырған.</p> <p>2.1. Қосады, ашылған.</p>
3.	Өзі жазу принципі	<p>Өзі жазу деңгейі:</p> <p>1) жоғары;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) төмен;</p> <p>4) өзі жазбаған</p>	<p>Ержанова Альбина Ергешбаевнаның диссертациялық жұмысты өзі жазу деңгейі жоғары. Ғылыми әдебиеттер мен мұрағаттық құжаттар сараланып, талданып берілген. Зерттеу жұмысында алынған нәтижелер теориялық және практикалық жағынан құнды материал болып табылады.</p> <p>1) жоғары;</p>
4.	Ішкі бірлік принципі	<p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:</p> <p>1) негізделген;</p> <p>2) жартылай негізделген;</p> <p>3) негізделмеген.</p>	<p>Диссертациялық тақырыптың өзектілігі келесі факторлармен айқындалған: біріншіден, тас құралдарының функционалды қызметі трасология әдісімен зерттеліп, ғылыми айналымға еніп отыр.</p> <p>Екіншіден, қоныстардан табылған тас құралдардың зерттеу нәтижесі бойынша аталмыш қоныстардың шаруашылық түрлерін және қандай шаруашылықтың басым болғанын көруге болады. А.Е. Ержанова осы мәселені толығымен қарастырып, Орталық Қазақстан аймағында металлургия мен кен ісінің басым болуы, сонау қола дәуірінің нұра кезеңінен бастау алатынын диссертациясында дәлелдеп отыр.</p> <p>Үшіншіден, тас құралдары тас дәуірінен бастау алып, орта ғасырға дейін, дәлірек айтсақ, қазіргі уақытқа дейін қолданыстан шыққан жоқ. Бірақ, әр уақытта құралдардың түрлері, формалары, қызметі ауысып отырғанын тарихтан білеміз. Диссертацияда қырғыш, кетпен, балға түрлерінің өзгеру себептері мен формаларына байланысты қандай қызмет атқарғаны трасология ғылымымен зерттеліп, дәйекті тұжырымдар келтірілген. Осы себептер бойынша, тақырып өзектілігі айқын деп санаймыз.</p> <p>1) негізделген;</p>

		<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) айқындайды; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды 	<p>Диссертациялық жұмыс мазмұны мен оның тақырыбын толығымен ашады. Зерттеу жұмысы кіріспеден, төрт тараудан, қорытынды мен трасологиялық терминдер сөздігінен, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және үш қосымшадан тұрады. Барлық бөлімдер бір-бірімен логикалық тұрғыда байланыса отырып, мақсатына жетіп, алдына қойған міндеттерін толық орындаған. Ғылыми нәтижелері мен жасалған тұжырымдары, зерттеудің ғылыми мазмұнын айқындау сәйкестігімен сипатталады.</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) айқындайды;
		<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді 	<p>Зерттеудің мақсаты мен міндеттері зерттеу тақырыбына қойылған мәселені шешуге сәйкес келеді. Мақсаты – трасологиялық әдіс-тәсілдерге сүйене отырып, Атасу мен Талдысай микроаудандары қоныстарының ежелгі шаруашылық жүйесіндегі еңбек құралдарының рөлін зерттеу.</p> <p>Төмендегідей міндеттер қойған:</p> <ul style="list-style-type: none"> – қола дәуіріндегі андрон мәдени қауымдастығына кіретін ежелгі тұрғындардың табиғи-экологиялық ортаға бейімделуіне әсер еткен факторларды қарастыру; – ежелгі кеншілердің тас саймандарды жасау үшін қолданған минералын зерттей отырып, шикізат көздерін анықтау; – Атасу мен Талдысай микроаудандарында орналасқан кеніштер мен қоныстардың топо-ландшафтық ерекшеліктеріне және тас құралдарына, қарастырылып отырған қоныстардың зерттелу тарихына тоқталу; – қола дәуірі тас құралдарын зерттеудің теориялық-әдіснамалық негіздерін қалыптастыру; – аталмыш қоныстардан жиналған археологиялық материалдар арасындағы тас құралдарға трасологиялық талдау жүргізу; – құрал бетіндегі макро және микро іздердің белгілерін анықтау және жүйелеу, функционалды қызметін көршілес жатқан қоныс құралдарымен салыстыру; – қырғыштар мен кетпендерді өндірісте қолданудағы өзгерістерді анықтау; – еңбек құралдарының жасалу технологиясының дамып жетілуі мен таралуының кейбір мәселелерін талдау;

			<p>– қарастырылып отырған микроаудандардағы қоныстардың құрал-жабдықтарын қоғамның әлеуметтік-экономикалық, тарихи-мәдени дамуының көрсеткіші ретінде жіктеу;</p> <p>– трасология бойынша орысша-қазақша терминологиялық сөздік құрастыру.</p> <p>Диссертациямен танысу барысында әр тарауда, аталған мақсат бойынша жұмыс жүргізіліп, міндеттер іске асқаны байқалды.</p> <p>1) сәйкес келеді;</p>
		<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан:</p> <p>1) толық байланысқан;</p> <p>2) жартылай байланысқан;</p> <p>3) байланыс жоқ</p>	<p>Диссертациялық зерттеу жұмысының барлық бөлімдері мен құрылысы бір-бірімен толық байланысқан. Әрбір бөлім мен тармақшаларының қорытындылары үндеседі. Әр қоныстың тас құралдарын жекелеп қарастырып, қоныстан табылған тас құралдары санын кестелермен көрсетіп, диаграммалар арқылы құрал түрінің басымдығын көрсеткен. Жұмысты орындау барысында ізденуші тарапынан мұрағат деректері мен шет тілдегі ғылыми еңбектерді өзара сабақтастықты бұзбай пайдалануға ұмтылыс жасалған.</p> <p>1) толық байланысқан;</p>
		<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <p>1) сыни талдау бар;</p> <p>2) талдау жартылай жүргізілген;</p> <p>3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген</p>	<p>Диссертант трасология әдісін қолдана отырып, Сарыарқа аймағындағы нұра мен атасу кезеңіне жататын қоныстардан табылған тас құралдарының функционалды қызметін анықтап, қола дәуіріне жататын өзге қоныс материалдарымен салыстырмалы түрде зерттеулер жүргізген. Археологиялық материалдарды өңдеу және талдау сәттерінде методологиялық әдіс-тәсілдерді қолданған. Тақырыптың ерекшелігіне байланысты трасологиялық, морфологиялық және сыныптау әдістері кеңінен қолданылған.</p> <p>1) сыни талдау бар;</p>
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) <u>жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</u></p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Диссертациялық жұмыста тұжырымдалған ғылыми нәтижелер мен пікірлер толығымен жаңа деп бағалауға болады.</p> <p>Сарыарқа аймағына кіретін Атасу мен Талдысай микроаудандарына жататын қола дәуірі қоныстарының тас құралдарын топтарға, типтер мен түрлерге бөле отырып, қоныстардың жетекші шаруашылық түрін анықтаған. Тас құралдарын жасаған тау жыныстарын анықтап, оның жергілікті</p>

			жерден алынғанын және өндіріс жергілікті ертедегі тұрғындарға тиесілі екенін ғылыми тұжырымдар арқылы дәлелдеген. Тас құралын жасау технологиясындағы кейбір ерекшеліктерін көрсете отырып, қоныстар арасында тас құралын жасау технологиясының принциптері бірдей болғанымен жергілікті минералдарына байланысты толықтырулар бар екенін көрсеткен. 1) толығымен жаңа;
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Қола дәуірінің тас құралдары бір жүйеде қарастырылып отырған алғашқы ғылыми диссертация болғандықтан, диссертанттың қорытындылары жаңа болып табылады. Қолданылған деректер мен ұсыныстар тәжірибелік маңызға ие. Зерттеудің жүйелік сипаты, теориялық сұрақтар мен тәжірибелік нәтижелердің байланыстылығы диссертация қорытындыларының ғылыми-әдістемелік негізделуі айқын, шынайылық дәрежесі жоғары, жаңа ақпараттар қарастырылған. 1) толығымен жаңа
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертациялық жұмыс «6D020800 – Археология және этнология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған және гуманитарлық бағыт бойынша әзірленгендіктен, техникалық, технологиялық, басқару шешімдерін талқылауды мақсат етпейді.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	Диссертациялық жұмыста көрсетілген барлық қорытындылары ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет: 7.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді;	Зерттеу жұмысын жазу барысында ғылыми мәселені қоя білген. 1-қағидат бойынша қола дәуіріндегі ауа райының жылына түсуі және өзен-сулардың тартылуы, қысты күндері қардың қалың болуы көптеген жетекші шаруашылықтардың қарқынды дамуына әсерін тигізгені осы диссертациялық зерттеу барысында анықталған. 7.1. Қорғауға ұсынылған тұжырымдар ғылыми негізделген.

		<p>4) дәлелденбеді 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) жоқ 7.3 Жаңа ма? 1) ия; 2) жоқ 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия; 2) жоқ</p>	<p>7.2. Тривиалды емес. 7.3. Қағидаттар жаңа. 7.4. Қолданылу деңгейі кең. 7.5. Древний Тургай и великая степь: часть и целое. Сборник научных статей. Посв. 70-летнему юбилею В.Н. Логвина, – Костанай-Алматы, 2015 ж шыққан мақалада дәлелденген.</p> <p>2-қағидат бойынша құрал жасау өнерінде қола дәуірінің қоныстарында ежелгі кеншілер сол аймақта жиі кездесетін гранит, құмдақтас, диорит және диобаз, кварцит тәрізді жыныстардан сапалы балталар, қайла мен кетпендер, қырғыштар мен тегістегіштерді жасауға болатынын шеберлер жақсы білгенін және шикізатты тұрғылықты аймағынан алғанын дәлелденген.</p> <p>7.1. Қорғауға ұсынылған тұжырымдар ғылыми негізделген. 7.2. Тривиалды емес. 7.3. Қағидаттар жаңа. 7.4. Қолданылу деңгейі кең. 7.5. Мир Большого Алтая. Международный научный журнал. 6 (3) 2020 ж. шыққан мақалада дәлелденген.</p> <p>3-қағидат Атасу мен Талдысай микроаудандарында орналасқан қоныстарды көптеген жылдар бойы зерттеген ғалымдардың еңбектерінде жазылған тас құралдардың қай мәдени қабаттарда кездесетіні жайлы мәліметтер жүйеленіп, қола дәуірінің нұра мен атасу кезеңдерінде басым болған құрал түрлері көрсетілген.</p> <p>7.1. Қорғауға ұсынылған тұжырымдар ғылыми негізделген. 7.2. Тривиалды емес. 7.3. Қағидаттар жаңа. 7.4. Қолданылу деңгейі кең.</p> <p>4-қағидат бойынша Атасу мен Талдысай микроаудандарының еңбек құралдарын зерттеу үшін морфологиялық, типологиялық, концептуалды, трасологиялық әдістер қолданылды, олардың түрлерін классификациялау негізінде анықтау және өзге материалдармен салыстыра отырып талдау әдіснамасы пайдаланылған.</p>
--	--	--	---

			<p>7.1. Қорғауға ұсынылған тұжырымдар ғылыми негізделген. 7.2. Тривиалды емес. 7.3. Қағидаттар жаңа. 7.4. Қолданылу деңгейі кең.</p> <p>5-қағидат бойынша Талдысай, Атасу, Мыржық, Ақмұстафа мен Ақмая қоныстарынан табылған тас құралдарды трасология әдісімен зерттеу нәтижесінде жұмыста қарқынды пайдаланылған құралдардың кейбірі морфологиялық ұқсастығы болғанымен функционалды қызметі бойынша сала құралдарының басқа тобына жататыны анықталды. Бұларды Қазақстанның өзге өңірлерінен табылған жәдігерлермен және Ресей аймағындағы қола дәуірі қоныстарының материалдарымен салыстыра отырып, морфология, технология және минералогиясына талдаулар жүргізілген. Нәтижесінде құралдардың кейбір түрлері жергілікті тұрғындарға ғана тән екені белгілі болды;</p> <p>7.1. Қорғауға ұсынылған тұжырымдар ғылыми негізделген. 7.2. Тривиалды емес. 7.3. Қағидаттар жаңа. 7.4. Қолданылу деңгейі кең. 7.5. Archäologische Mitteilungen aus Iran und Turan. 2018. Band 47 (2015) шыққан мақаласында дәлелдеген.</p> <p>6-қағидаты Құралдардың анықталған функционалдық топтары қоныстардағы шаруашылықтың немесе өндірістің белгілі бір нысандарымен тікелей байланысты екені дәлелденіп, эталондық құралдардың трасологиялық жиынтығы жасалған.</p> <p>7.1. Қорғауға ұсынылған тұжырымдар ғылыми негізделген. 7.2. Тривиалды емес. 7.3. Қағидаттар жаңа. 7.4. Қолданылу деңгейі кең. 7.5. Талдысай – поселение древних металлургов позднебронзового века в Улытауской степи: Коллективная монографияда дәлелдерін кіргізген.</p> <p>7-қағидат қоныстардан табылған қырғыштардың энеолит</p>
--	--	--	---

			<p>кезеңіндегі кварцит пен яшма жыныстарынан жасалған классикалық түрі нұра уақытында да жалғасады, ал атасу кезеңінде тау жынысының жаңқаларынан жасалған қырғыштар мен жаркышақтардың пішіні қарабайыр болып келеді. Қола дәуірінде тау-кен металлургия ісінде кетпеннің жүзі доғалданып келетін, ағаш сапқа бекіту үшін жасалған екі ойықшасы бар түрі, жер өңдеуде бір жағына қарай иіліңкі келген жүзі үшкір, ағаш сапқа бекітуге арналған екі немесе бір ойықшасы бар түрлері болғаны дәлелденген;</p> <p>7.1. Қорғауға ұсынылған тұжырымдар ғылыми негізделген.</p> <p>7.2. Тривиалды емес.</p> <p>7.3. Қағидаттар жаңа.</p> <p>7.4. Қолданылу деңгейі кең.</p> <p>8-қағидат Атасу мен Талдысай микроаудандарының нұра және атасу кезеңдеріне тән, саны жағынан ең көп және алуан түрлі құралдар тобына металлургия мен металл өңдеуде қолданылатын құралдар жатады. Мұндай құралдарды зерттеу металл өндірісі мен металл бұйымдарын жасаумен байланысты технологияларды зерттеу үшін үлкен маңызға ие және археологиялық жаңғыртпалар жасауда қосымша ретінде пайдалана алады. Құралдарды жасау технологиясы сырттан келмегені, жергілікті шеберлер қолынан шыққаны, олардың ұрғылау техникасын терең меңгергендері анықталған;</p> <p>7.1. Қорғауға ұсынылған тұжырымдар ғылыми негізделген.</p> <p>7.2. Тривиалды емес.</p> <p>7.3. Қағидаттар жаңа.</p> <p>7.4. Қолданылу деңгейі кең.</p> <p>9-қағидат бойынша Талдысай, Атасу, Мыржық, Ақмұстафа және Ақмая қоныстарында қола дәуірінің атасулық кезеңінде металлургия, мал шаруашылығы, егін егу және қолөнер салаларының қарқынды дамығандығы тас құралдарды зерттеу нәтижелерімен дәлелденген;</p> <p>7.1. Қорғауға ұсынылған тұжырымдар ғылыми негізделген.</p>
--	--	--	--

			<p>7.2. Тривиалды емес.</p> <p>7.3. Қағидаттар жаңа.</p> <p>7.4. Қолданылу деңгейі кең.</p> <p>7.5. PhD докторанттың қорғауға қойылатын талаптарға сәйкес жарияланымдары дәлелденген. Диссертация тақырыбы бойынша жалпы 16 мақала жазылса, докторантурада оқу барысында 9 мақала Қазақстан, Украина және Ресейде шыққан және ҚР БҒМ Білім мен ғылым саласындағы бақылау комитеті тарапынан бекітілуге ұсынған басылымдарында жарияланған.</p> <p>Мақалалардың барлығы диссертация тарауларын жазу барысында қолданылған және диссертация соңында арнайы қосымшада келтірілген.</p>
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) ия; 2) жоқ	<p>Қойылған міндеттерді шешу үшін диссертацияда жалпы ғылыми және арнайы тарихи әдіснама қолданылып негізделген. Диссертациялық жұмысты зерттеу барысында алынған нәтижелерді сипаттау және салыстыру, жинақтау мен талдауды қамтитын жалпы ғылыми әдістер жиынтығы және трасологиялық және минералогиялық әдістер де қолданылған.</p> <p>ия</p>
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жоқ	<p>Диссертациялық зерттеу жұмысы трасологиялық әдіс негізінде болғандықтан, электронды микроскоп, excel, фотошоп, макрофотосуреттер түсіруге Helicon focus, бағдарламасы қолданылған.</p>
		8.2 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент	<p>Иә, теориялық тұжырымдар зерттеулермен дәлелденген және расталған.</p>

		негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жоқ	
		Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған	Пайдаланылған әдебиеттер тізімінде диссертациялық жұмыстың маңызды мәліметтерін растайтын РҒА ММТИ мұрағаты, Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының мұрағаты құжаттары, диссертациялық жұмыстар, арнайы тақырыптық зерттеулер, ТМД елдерінің ғалымдарының зерттеулері, мерзімді баспасөздер секілді көптеген сенімді деректер мен тиісті ғылыми әдебиеттер қарастырылған.
		Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі 190 библиографиялық сипаттамадан тұрады. Тақырыпқа сай мұрағат материалдары, диссертациялық жұмыстар, отандық және шетелдік ғылыми мақалалар тізімі ұсынылған.
(Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) ия; 2) жоқ	Иә, диссертацияның теориялық маңыздылығы бар. Атасу мен Талдысай микроаудандарында орналасқан қола дәуірі қоныстарының тас құралдары толығымен зерттелініп, диссертацияның мазмұны толық ашылған және алдына қойылған мақсат-міндеттері орындалған. Диссертациялық зерттеудің барысында пайдаланылған теориялық-методологиялық ұстанымдары мен принциптері келешекте басқа да зерттеу жұмыстарында пайдалануға болады.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жоқ	Зерттеу жұмысының нәтижелерін практикада қолдануға болады. Қазақстанның ежелгі тарихы, археологиясы мен этнологиясы бойынша маусымдық қазба жұмыстары мен теориялық ізденістер кезінде, ЖОО арнайы оқу бағдарламасын жазуда, қазба барысында табылған археологиялық материалдарды талдау барысында, маңызы әртүрлі көрме-экспозициялар ұйымдастыруда пайдалануға болады. 1) ия
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып	Практикалық ұсыныстар қола дәуірінің қоныстарынан табылған тас құралдарын заманауи трасологиялық әдіс негізінде зерттеу дайындалған жаңа материалдардың жиынтығы болып табылады. Осы уақытқа дейін ғылыми есептерде тас құралдарының

		табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	табылғандығы жөнінде қысқаша мәліметтер берілгенімен толыққанды зерттеулер жүргізілмеген, сол себепті диссертанттын зерттеп отырған тақырыбы жаңаша қырынан қарастырылған ғылыми еңбек деп есептейміз.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Диссертациялық жұмысты жазу және ресімдеу сапасы жоғары деп бағалауға болады. Докторлық диссертация сөзсіз қызығушылық тудырады, нақтылы материалдарға бай, теориялық, әдістемелік тұрғыдан жақсы жазылған толық жұмыс деп қабылдауға болады.

Ержанова Альбина Ергешбаевнаның «Қола дәуіріндегі Сарыарқа тұрғындарының тас құралдары (Атасу мен Талдысай микроаудандары бойынша)» тақырыбында дайындаған диссертациясы ҚР Білім және ғылым сапасын қамтамасыз ету комитетінің талаптарына сәйкес орындалған, толық аяқталған жұмыс және «Дәрежелер беру» қағидаларының 2-тарауында көрсетілген диссертациялық талаптарға толық сәйкес келеді деп есептеймін. Сондықтан, «6D020800-Археология және этнология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беру туралы шешімді ұсынамын.

Ресми рецензент: Е.А. Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің археология және этнология кафедрасының профессор, Т. Ғ. К.

С.У. Жауымбай

